

Болат Әбдікәрімұлы ӘБДІКӘРІМОВ

Қарағанды аймағындағы Нұра ауданының тумасы, ардақты аға, қаламгер ғалым, еңбекқор азамат, қарымды қоғам қайраткері Болат Әбдікәрімұлы 2014 жылдың наурызының 1-ші жұлдызында бұл фәни жалғанның есігін жауып, бақилық дүниеге өтті.

17.02. 1939 жылы жарық дүниенің есігін ашқан. Ержетіп, қатарластарымен қатар орта мектепті, Қарағанды политехникалық институтын бітіріп, ҚазКСР-і мемлекеттік агрошаруашылығында еңбек жолын бастаған. Осы салада кәсіптік-техникалық білім басқармасының басшысы болып қызмет істеген. Одан кейінгі уақыттарда: 1990-1994 жылдары – Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары, 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары, 1995-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің кәсіптік-техникалық білім Комитетінің төрағасы, 1996-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты құрамының сектор меңгерушісі, ал 1997 жылдан Евразия гуманитарлық институтының кафедра меңгерушілігі қызметін атқарған.

Абзал азамат туралы жақсы лебіздерді Қарағанды аймағындағы жерлестері жиі айтатын. Есейе келе, қызметтік лауазымы өсе келе айтқан ағалық ақылын, жасаған қамқорлығын туған-туыс, жора-жолдас, жерлестері ризашылықпен еске жиі алатын-ды. Рас, «Бетке бет тақасса – бет көрінбес, ірілер берер алыстан елес» дегендейін, адамдар арамыздан алшақ кеткенде, олардың елі мен туған жеріне жасаған жақсылықтары еске жиі оралатыны белгілі.

Болат Әбдікәрімұлының еліне, оның ішінде білім саласына сіңірген еңбегі көпшілікке белгілі. Өсіресе, жас жеткіншектерге кәсіптік - техникалық білім беру жүйесіндегі жұмыстары, сол саланы дамытудағы ғылыми жаңалықтары ұрпақтарға үлгі боларлық ұлағат.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессорлық атақ алған ғалымның Қарағанды аймағын дамытудағы іс-әрекеттері де баршаға аян. 1998 жылғы Е.Бөкетовтің атындағы мемлекеттік университет жанынан педагогика саласынан кандидаттық атақты қорғарлық Диссертациялық Кеңесті ұйымдастыруға қосқан үлесі қаншама?! Алысты болжаған ғұламаның аймақ азаматтарын қатарға тартуы, басшылық бағыт-бағдар беруі – білімділіктің, көреген көсемдіктің белгісі. 2001 жылдан ақырғы уақытына дейін Астана қаласындағы педагогика саласында докторлық қорғау Диссертациялық Кеңестің төрағалық қызметінде қаншама жас ғалымдардың болашағына жақсылық нұрын сепкені аян.

90-нан астам ғылыми жұмыстары жарық көрген, 47 кандидаттық, 8 докторлық ғылыми еңбектерді қорғауға жетекші болған парасатты да пайымды, сабырлы да салмақты, білімді де білгір азамат «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше мемлекеттік медальдармен марапатталған ғалым.

Бұл фәни жалғанның есігін жауып, бақилық дүниеге өткен тектінің тұқымы, жақсының жалғасы, асылдың сынығы дерлік, ардақты ағамыздың топырағы торқа, жатқан жері жайлы, жаны жәнната, тәні рахатта болсын! Иманы саламат болып, жақсылықтарын жақындары мен жеткіншек ұрпақтарға берсін!

Ардагерлер кеңесі,

Қарағанды облысының білім басқармасы,

Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті.